

АТА – АНАЛАР ЖИНАЛЫСЫ

Тақырыбы: Отбасы – тәрбие басы

Мақсаты: Бала тәрбиесіндегі ата-ананың алатын орнының ерекше екендігін түсіндіру; Отбасы мүшелінің арасындағы бауырмалдық, қайырымдылық, достық қарым-қатынасты қалыптастыру;

Күн тәртібі:

1. «Балаңызға деген сүйіспеншілік» ойыны

Жауапты: тәрбиеші Алпысбаева Ш.Т.

2. Балабақша өмірімен, күн тәртібі және ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің сабақ кестесімен таныстыру.

Жауапты: б/б басшысы Жетпісова Г.М.

3. Дидактикалық ойын «Отбасылық махаббат үйі»

Жауапты: тәрбиеші Калыкова К.К.

Күн тәртібінің бірінші мәселесі бойынша мектепалды даярлық тобының тәрбиешісі Алпысбаева Ш.Т. «Балаңызға деген сүйіспеншілік» деген ойын өткізді.

Баланың жан дүниесі – бұл толып тұрған ыдыс сияқты. Оз балаңыздың қандай болғанын қалайсыз? Қандай қабілеттері болғанын және сіз өзіңізден қандай қасиетті алғанын қалайсыз? Өрқайсыларыңыздың қолдарыңызда жүрек бар. Сол жүректің ішіне өздеріңіздің ойларыңызды жазып, осы ыдыстың ішіне салып қойыңыздар және де жазған сөздеріңізді айтып шығуларыңыз керек. Қорыта айтқанда ата-ананың махаббаты, сүйіспеншілігі бала үшін бақыт. Осы сезімдеріңіз арқылы баланың өз орнын таба білуге үйретесіздер.

1. Күн тәртібінің екінші мәселесі бойынша бөбекжай Жетпісова Г.М. тыңдалды.

Бөбекжай өмірімен, күн тәртібі және ұйымдастырылған іс-әрекетінің мазмұнымен таныстырды.

Биылғы 2022-2023 оқу жылында бөбекжайда 6 топ жұмыс жасайтынын және 136 баламен қамтылғанын айтты. Бөбекжайда ұйымдастырылған іс-әрекеттері мемлекеттік тілде, мемлекеттік құжат Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Жалпыға Міндетті Білім Беру Стандартын негізге ала отырып, осы стандартқа сәйкес ұйымдастырылған іс-әрекеттері бекітіліп күнделікті жүргізілетінін түсіндірді.

Бөбекжайда балаларды қабылдап алуынан бастап, күнделікті ертеңгілік жаттығумен басталады. Жылдық жоспарға сай мерекелік ертеңгіліктер, көрмелер, ата-аналармен түрлі тақырыпта дөңгелек үстелдер, пікір-таластар, спорттық жанұялық эстафеталық ойындар ұйымдастырылып, басқа да мәселелер татқыланып отыратынын түсіндірді. Бөбекжай педагог мамандары іс-тәжірибе алмасу мақсатында әдістемелік кеңестер, бөбекжай ішкілік, аудандық семинарларға қатысады, білім жетілдіру курстарынан өтеді.

Күн тәртібінің үшінші мәселесі бойынша мектепалды даярлық топтың тәрбиешісі Калыкова Қ.К. «Отбасылық махаббат үйі» дидактикалық ойынын өткізді.

Ал енді қазір сіздермен «Отбасылық махаббат үйі» атты ойын өткіземін. Балаларыңызға деген махаббатты анықтай аласыздар.

Әр адамның өз үйі бар, бірақ ол үй тек баспана ғана ретінде емес, сол үй жақсы көріп және күтетін жер болу керек. Сондықтан сіздердің міндеттеріңіз жай ғана армандап жүрген үй сату ғана емес, ал сол жерде тұратын балаларға бақыт, махаббат, жылу, беретін үй салуларыңыз керек. Ол үшін ерекше материал қажет. Әрине даладағы жатқан тақтайлар емес, ал адамның негізгі қасиеттерімен саламыз. Олар: Мейірімділік, күлкі, түсінушілік, шыдамдылық, көмектесу.

Үстел үстінде кірпіштер жатыр. Соларды алып үй саласыздар, бірақ салғанда жай салмайсыздар, артында тапсырмалар жазылады соны орындай отырып үй құрамыз. Ойлануға бір екі минут беріледі.

Ойын тапсырмалары;

1. «Парасатты» кірпіші

Қағазды екі қатарға бөліп ата-аналардың плюс және минус жағын үш сөз арқылы жеткізу, жазу, айту.

2. «Достық» кірпіші

«Үй» деген сөзді қалай түсінесіз?

Мысалы: менің қорғанысым, күтетін жер, отбасылық ұйытқысы

3. «Махаббат» кірпіші

Мимика жест арқылы өзіңіздің бала деген махаббатыңызды жеткізесіз

4. «Тапқырлық» кірпіші

«Тәрбие» сөзінің әрбір әрпінен баланыздың мінезін сипаттаныз.

5. «Түсінушілік»

Сурет арқылы баланың мінезін анықтау. Бұл төбесі - жақсы көңіл күй екенін білдіреді. Тапсырма: бір минут ішінде дөңгелек ішіне баланың бақытты көңіл күйін салу керектігі және жапсыру. Үйіміз дайын.

Менің ойымша отбасы - бұл махаббат үйі, ал бала - бақыт.

Сондықтан ата-ана махаббаты баланың өмірге деген күштарлығын, жолын ашады.

Халқымыз «Үяда не көрсең, соны ілерсін» дейді. Бала әрқашанда ата-анадан мейірімділікті, сүйіспеншілікті, жүрек жылуын қажет етіп, ата-ананы өмірдің тірегі санайды.

Ата-ананың тіршілігіндегі көрген қызығы, жақсылығының ең бағалысы перзенті. Баланың бойында туған үйдің жылуы оның көкірегінде көп жылдар бойы сақталып, мәңгі есінде болады. Отбасы бала тәрбиесінің ең алғашқы ұжымы. Баланың тәрбиелі болып өсуіне берекелі отбасының тигізетін әсері мол.

Ата-аналар жиналысының шешімі:

1. Отбасы мүшелінің арасындағы бауырмалдық, қайырымдылық, достық қарым-қатынасты қалыптастыру үшін балабақша ұжымы мен ата-аналар бірлесіп тығыз байланыста жұмыс жүргізу.
2. Балабақшаның және топтың қоғамдық өміріне ата-аналардың белсенді қатысуы.

Жиналыстың төрағасы:

Жиналыстың хатшысы:

Ж.С.И.
Ж.С.И.